

Іле ауданының 2016-2018 жылдарға арналған бюджеті туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Іле аудандық мәслихатының 2015 жылғы 22 желтоқсандағы № 52-243 шешімі. Алматы облысы Әділет департаментінде 2015 жылы 30 желтоқсанда № 3654 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Іле аудандық мәслихатының 2017 жылғы 26 шілдедегі № 14-75 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды – Алматы облысы Іле аудандық мәслихатының 26.07.2017 № 14-75 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 9-бабының 2-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес , Іле аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. 2016-2018 жылдарға арналған аудандық бюджеті тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2016 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

- 1) кірістер 82 446 096 мың теңге, оның ішінде:
 - салықтық түсімдер 67 343 315 мың теңге;
 - салықтық емес түсімдер 49 198 мың теңге;
- негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер 126 200 мың теңге;
- трансферттердің түсімдері 14 927 383 мың теңге, оның ішінде:
 - ағымдағы нысаналы трансферттер 6 510 343 мың теңге;
 - нысаналы даму трансферттері 8 417 040 мың теңге;
- 2) шығындар 83 258 159 мың теңге;
- 3) таза бюджеттік кредиттеу 54 374 мың теңге, оның ішінде:
 - бюджеттік кредиттер 76 356 мың теңге;
 - бюджеттік кредиттерді өтеу 21 982 мың теңге;
- 4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо 5 910 мың теңге;
- 5) бюджет тапшылығы (профициті) (-) 872 347 мың теңге;
- 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) 872 347 мың теңге .

Ескерту. 1 тармақ жаңа редакцияда - Алматы облысы Іле аудандық мәслихатының 27.10.2016 № 8-37 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) ш е ш і м і м е н .

2. 2016 жылға арналған аудандық бюджетте 62 242 506 мың теңге сомасында

облыстық бюджетке бюджеттік алып қоюлар көзделсін.

3. Ауданның жергілікті атқарушы органның 2016 жылға арналған резерві 20 256 мың теңге сомасында бекітілсін.

4. 2016 жылға арналған аудандық бюджетте жергілікті өзін-өзі басқару органдарына 4-қосымшаға сәйкес, 234 364 мың теңге сомасында трансферттер көзделгені ескерілсін.

Ауылдық округтер әкімдері жергілікті өзін-өзі басқарудың қолма-қол ақшаны бақылау шотына түсетін бюджет қаражатының тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етсін.

5. 2016 жылға арналған аудандық бюджетті атқару процесінде секвестрлеуге жатпайтын аудандық бюджеттік бағдарламалардың тізбесі 5-қосымшаға сәйкес белгіленсін.

6. "Іле ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысына (келісім бойынша Естеусізова Гүлнар Таутайқызы) осы шешімді әділет органдарында мемлекеттік тіркелгеннен кейін ресми және мерзімді баспа басылымдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған интернет-ресурста және аудандық мәслихатының интернет-ресурсында жариялау жүктелсін.

7. Осы шешімнің орындалуын бақылау Іле аудандық мәслихатының "Бюджет, әлеуметтік-экономикалық даму, көлік, құрылыс, байланыс, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, жер қатынастары және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі" тұрақты комиссиясына жүктелсін.

8. Осы шешім 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Іле аудандық мәслихатының
сессия төрайымы
Іле аудандық мәслихатының
хатшысы

Ш. Қағазбаева

Е. Тұрымбетов

Іле ауданы мәслихатының 2015 жылғы 22 желтоқсандағы "Іле ауданының 2016-2018 жылдарға арналған бюджеті туралы" № 52-243 шешімімен бекітілген 1-қосымша

Іле ауданының 2016 жылға арналған бюджеті

Ескерту. 1 қосымша жаңа редакцияда - Алматы облысы Іле аудандық мәслихатының 27.10.2016 № 8-37 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Санаты				Сомасы (мың теңге)
Сыныбы				
Ішкі сыныбы				
Ерекшелігі				

		Атауы	
		I. Кірістер	82 446 096
1		Салықтық түсімдер	67 343 315
	01	Табыс салығы	4 418 650
	2	Жеке табыс салығы	4 418 650
	03	Әлеуметтік салық	3 213 790
	1	Әлеуметтік салық	3 213 790
	04	Меншікке салынатын салықтар	1 900 852
	1	Мүлікке салынатын салықтар	1 424 000
	3	Жер салығы	73 830
	4	Көлік құралдарына салынатын салық	399 102
	5	Бірыңғай жер салығы	3 920
	05	Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	57 746 823
	2	Акциздер	57 633 213
	3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	9 030
	4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	100 000
	5	Ойын бизнесіне салық	4 580
	08	Заңдық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	63 200
	1	Мемлекеттік баж	63 200
2		Салықтық емес түсімдер	49 198
	01	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	5 850
	5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	5 850
	04	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	32 748
	1	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	32 748
	06	Басқа да салықтық емес түсімдер	10 600
	1	Басқа да салықтық емес түсімдер	10 600
3		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	126 200
	03	Жерді және материалдық емес активтерді сату	126 200
	1	Жерді сату	126 200

4		Трансферттердің түсімдері	14 927 383
	02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	14 927 383
	2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	14 927 383

Функционалдық топ				Сомасы (мың теңге)
Кіші функция				
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі				
Бағдарлама				
Кіші бағдарлама				
Атауы				
			II. Шығындар	83 258 159
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	482 297
	1		Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	434 748
		112	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	15 972
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	15 877
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	95
		122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	139 894
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	126 520
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	13 374
		123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	278 882
		001	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	273 998
		022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	4 884
	2		Қаржылық қызмет	20 580
		452	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	20 580
		001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетін орындау және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	16 897
		003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	2 503
		010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	1 125
		018	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	55
	5		Жоспарлау және статистикалық қызмет	26 969
		453	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	26 969
		001	Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру және дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	26 914

		004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	55
02			Қорғаныс	2 090
	1		Әскери мұқтаждар	2 090
		122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	2 090
		005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	2 090
03			Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	7 817
	9		Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік саласындағы басқа да қызметтер	7 817
		485	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	7 817
		021	Елді мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету	7 817
04			Білім беру	17 824 809
	1		Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	1 935 581
		464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	1 931 290
		009	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	800 785
		040	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	1 130 505
		467	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	4 291
		037	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту объектілерін салу және реконструкциялау	4 291
	2		Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	15 050 197
		464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	7 241 681
		003	Жалпы білім беру	7 204 569
		006	Балаларға қосымша білім беру	37 112
		465	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	88 875
		017	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	88 875
		467	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	7 719 641
		024	Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	7 719 641
	9		Білім беру саласындағы өзге де қызметтер	839 031
		464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	839 031
		001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	20 868
		004	Ауданның (областық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелерінде білім беру жүйесін ақпараттандыру	46 500
		005	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	404 907
		012	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	110

		015	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға қамқоршыларға (қорғаншыларға) ай сайынға ақшалай қаражат төлемі	67 000
		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	299 646
06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	407 353
	1		Әлеуметтік қамсыздандыру	65 712
	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	62 467
		005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	3 640
		016	18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар	58 827
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	3 245
		030	Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу	3 245
	2		Әлеуметтік көмек	299 755
	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	299 755
		002	Жұмыспен қамту бағдарламасы	57 784
		004	Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету	41 188
		006	Тұрғын үйге көмек көрсету	24 907
		007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	26 295
		010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	5 590
		014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	93 854
		017	Мүгедектерді оңалту жеке бағдарламасына сәйкес, мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен және ымдау тілі мамандарының қызмет көрсетуін, жеке көмекшілермен қамтамасыз ету	50 137
	9		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер	41 886
	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	41 886
		001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	36 018
		011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	2 792
		021	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	212
		050	Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 - 2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыру	2 864
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	1 085 066
	1		Тұрғын үй шаруашылығы	772 857
	463		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	10 421
		016	Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алу	10 421

	464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	54 260
	026	Жұмыспен қамту 2020 жол картасы бойынша қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу	54 260
	467	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	655 923
	003	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және (немесе) салу, реконструкциялау	368 299
	004	Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру	287 624
	485	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	16 002
	004	Жұмыспен қамту 2020 жол картасы бойынша қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу және абаттандыру	16 002
	487	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімі	36 251
	001	Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй қоры саласында жергілікті деңгейде мемлекеттік саясатты іске асыру бойынша қызметтер	14 096
	003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	267
	041	Жұмыспен қамту 2020 жол картасы бойынша қалалар мен ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу және абаттандыру	21 888
2		Коммуналдық шаруашылық	148 252
	487	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімі	148 252
	016	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің жұмыс істеуі	10 200
	058	Ауылдық елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту	138 052
3		Елді-мекендерді көркейту	163 957
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	163 957
	011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	163 957
08		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	183 587
1		Мәдениет саласындағы қызмет	67 267
	455	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	67 267
	003	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	67 267
2		Спорт	15 482
	465	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	15 482
	001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	7 552
	004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	155
	006	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	2 822
	007	Өртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	4 953
3		Ақпараттық кеңістік	73 108
	455	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	46 792
	006	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	45 763
	007	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	1 029

	456	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	26 316
	002	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	26 316
9		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру жөніндегі өзге де қызметтер	27 730
	455	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	11 232
	001	Жергілікті деңгейде тілдерді және мәдениетті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	7 902
	010	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	55
	032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	3 275
	456	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	16 498
	001	Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	16 243
	006	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	255
10		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	190 647
1		Ауыл шаруашылығы	79 172
	453	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	18 344
	099	Мамандардың әлеуметтік көмек көрсетуі жөніндегі шараларды іске асыру	18 344
	462	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы бөлімі	20 280
	001	Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	20 225
	006	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	55
	473	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ветеринария бөлімі	40 548
	001	Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	18 073
	003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	55
	006	Ауру жануарларды санитарлық союды ұйымдастыру	1 746
	007	Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру	4 600
	008	Алып қойылатын және жойылатын ауру жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу	12 729
	009	Жануарлардың энзоотиялық аурулары бойынша ветеринариялық іс-шараларды жүргізу	160
	010	Ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру жөніндегі іс-шараларды өткізу	3 185
6		Жер қатынастары	28 553
	463	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	28 553
	001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	14 036
	006	Аудандардың, облыстық маңызы бар, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің шекарасын белгілеу кезінде жүргізілетін жерге орналастыру	14 262
	007	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	255

9		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, қоршаған ортаны қорғау және жер қатынастары саласындағы басқа да қызметтер	82 922
	473	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ветеринария бөлімі	82 922
	011	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	82 922
11		Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	24 663
2		Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	24 663
	467	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	13 481
	001	Жергілікті деңгейде құрылыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	13 426
	017	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	55
	468	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет және қала құрылысы бөлімі	11 182
	001	Жергілікті деңгейде сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	11 127
	004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	55
12		Көлік және коммуникация	261 458
1		Автомобиль көлігі	253 173
	485	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	253 173
	022	Көлік инфрақұрылымын дамыту	1 984
	023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	251 189
9		Көлік және коммуникациялар саласындағы өзге де қызметтер	8 285
	485	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	8 285
	001	Жергілікті деңгейде жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	8 230
	003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	55
13		Басқалар	285 879
3		Кәсіпкерлік қызметті қолдау және бәсекелестікті қорғау	13 237
	469	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік бөлімі	13 237
	001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	10 721
	003	Кәсіпкерлік қызметті қолдау	2 000
	004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	516
9		Басқалар	272 642
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	245 886
	040	"Өңірлерді дамыту" Бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру	245 886
	452	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	20 256
	012	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	20 256
	453	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	6 500

		003	Жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін және мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалардың, оның ішінде концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамаларын әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларды, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу	6 500
14			Борышқа қызмет көрсету	71
	1		Борышқа қызмет көрсету	71
		452	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	71
		013	Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	71
15			Трансферттер	62 502 422
	1		Трансферттер	62 502 422
		452	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	62 502 422
		006	Нысаналы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) трансферттерді қайтару	15 185
		007	Бюджеттік алып коюлар	62 242 506
		051	Жергілікті өзін-өзі басқару органдарына берілетін трансферттер	244 730
		054	Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен республикалық бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған) нысаналы трансферттердің сомасын қайтару	1
			III. Таза бюджеттік кредиттеу	54 374
			Бюджеттік кредиттер	76 356
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	76 356
	1		Ауыл шаруашылығы	76 356
		453	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	76 356
		006	Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін бюджеттік кредиттер	76 356

Санаты				Сомасы (мың теңге)
Сыныбы				
Ішкі сыныбы				
Ерекшелігі				
Атауы				
5			Бюджеттік кредиттерді өтеу	21 982
	01		Бюджеттік кредиттерді өтеу	21 982
		1	Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	21 982
		13	Жеке тұлғаларға жергілікті бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	21 982

Функционалдық топ	
	Кіші функция

			Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Сомасы (мың теңге)
			Бағдарлама	
			Кіші бағдарлама	
			Атауы	
			IV. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	5 910
			Қаржы активтерін сатып алу	5 910
13			Басқалар	5 910
	9		Басқалар	5 910
		456	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	5 910
		065	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	5 910

Санаты				Сомасы (мың теңге)
	Сыныбы			
		Ішкі сыныбы		
			Ерекшелігі	
			Атауы	
6			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
	01		Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
		1	Қаржы активтерін ел ішінде сатудан түсетін түсімдер	0

Санаты				Сомасы (мың теңге)
Сыныбы				
	Ішкі сыныбы			
	Ерекшелігі			
		Атауы		
			V. Бюджет тапшылығы (профициті)	-872 347
			VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	872 347
7			Қарыздар түсімі	176 356
	01		Мемлекеттік ішкі қарыздар	176 356
		10	Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының мемлекеттік және үкіметтік бағдарламаларды іске асыру шеңберінде тұрғын үй құрылысын қаржыландыру үшін ішкі нарықта айналысқа жіберу үшін шығаратын мемлекеттік бағалы қағаздары шығарылымынан түсетін түсімдер	100 000
		2	Қарыз алу келісім-шарттары	76 356
		03	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы алатын қарыздар	76 356
8			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	717 973
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	717 973
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	717 973
		01	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	717 973

Функционалдық топ				Сомасы (мың теңге)
Кіші функция				
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
	Бағдарлама			
		Кіші бағдарлама		
		Атауы		
16			Қарыздарды өтеу	21 982
	1		Қарыздарды өтеу	21 982
	452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	21 982
		008	Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	21 982

Іле ауданы мәслихатының 2015 жылғы 22 желтоқсандағы "Іле ауданының 2016-2018 жылдарға арналған бюджеті туралы" № 52-243 шешімімен бекітілген 2-қосымша

Іле ауданының 2017 жылға арналған бюджеті

Санаты				Сомасы (мың теңге)
Сыныбы				
Ішкі сыныбы				
Ерекшелігі				
Атауы				
			I. Кірістер	73 233 310
1			Салықтық түсімдер	65 376 669
	01		Табыс салығы	4 238 650
		2	Жеке табыс салығы	4 238 650
	03		Әлеуметтік салық	3 113 790
		1	Әлеуметтік салық	3 113 790
	04		Меншікке салынатын салықтар	2 277 530
		1	Мүлікке салынатын салықтар	1 804 000
		3	Жер салығы	76 410
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	393 200
		5	Бірыңғай жер салығы	3 920

05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	55 683 499
	2	Акциздер	55 568 069
	3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	10 850
	4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	100 000
	5	Ойын бизнесіне салық	4 580
08		Зандық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	63 200
	1	Мемлекеттік баж	63 200
2		Салықтық емес түсімдер	50 700
	01	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	11 600
	5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	11 600
	04	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	28 500
	1	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	28 500
	06	Басқа да салықтық емес түсімдер	10 600
	1	Басқа да салықтық емес түсімдер	10 600
3		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	126 200
	03	Жерді және материалдық емес активтерді сату	126 200
	1	Жерді сату	126 200
4		Трансферттердің түсімдері	7 679 741
	02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	7 679 741
	2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	7 679 741

Функционалдық топ					Сомасы (мың теңге)
01	Кіші функция				
	1	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
		112	Бағдарлама		
			Кіші бағдарлама		
			Атауы		
			II. Шығыстар	73 233 310	
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	443 923	
	1		Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	399 492	
		112	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	15 401	

		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	15 401
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	115 098
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	115 098
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	268 993
		001	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	268 993
2			Қаржылық қызмет	18 754
	452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	18 754
		001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетін орындау және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	15 325
		003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	2 678
		010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	751
5			Жоспарлау және статистикалық қызмет	25 677
	453		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	25 677
		001	Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру және дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	25 677
02			Қорғаныс	4 559
1			Әскери мұқтаждар	3 122
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	3 122
		005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	3 122
2			Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	1 437
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	1 437
		007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар	1 437
03			Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	2 399
9			Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік саласындағы басқа да қызметтер	2 399
	485		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	2 399
		021	Елді мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету	2 399
04			Білім беру	10 663 090
1			Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	584 158
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	584 158
		009	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	183 736
		040	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	400 422
2			Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	9 074 869

	464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	6 884 184
	003	Жалпы білім беру	6 857 028
	006	Балаларға қосымша білім беру	27 156
	465	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	66 891
	017	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	66 891
	467	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	2 123 794
	024	Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	2 123 794
9		Білім беру саласындағы өзге де қызметтер	1 004 063
	464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	1 004 063
	001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	21 184
	004	Ауданның (областық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелерінде білім беру жүйесін ақпараттандыру	38 250
	005	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	388 651
	015	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға қамқоршыларға (қорғаншыларға) ай сайынға ақшалай қаражат төлемі	72 760
	022	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап алғаны үшін Қазақстан азаматтарына біржолғы ақша қаражатын төлеуге арналған төлемдер	3 209
	029	Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету	20 602
	067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	459 407
06		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	387 445
1		Әлеуметтік қамсыздандыру	74 256
	451	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	72 972
	005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	1 691
	016	18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар	71 281
	464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	1 284
	030	Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу	1 284
2		Әлеуметтік көмек	269 165
	451	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	269 165
	002	Жұмыспен қамту бағдарламасы	60 604
	004	Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету	45 289

		006	Тұрғын үйге көмек көрсету	24 907
